

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С. Сейфуллина = С. Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.ІІІ. - Б. 64-68.

УДК 7.72(726)

"ЛОФТ" СТИЛІНДЕГІ ГАСТРО-БАРДЫҢ ИНТЕРЬЕР ЖОБАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ІШКІ ҚҰРЫЛЫМДАҒЫ ЖОБАЛЫҚ ШЕШІМДЕР

Бақтыбаева А., 5 курс студенті

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Астана қ.*

Қоғамдық тамақтану мекемелері асхана түрімен ғана емес, сондай-ақ атмосферасымен және түрлі көріністерімен клиенттерді кешенге тартады. Интерьер дизайны неғұрлым ерекше жобаланған болса, соғұрлым қоғамға тартымды болып көрініп және де басқа мекемелер түріндегі бәсекелестер фонында жеңіске жетеді. Лофт стиліндегі дизайн ғимарат құрылымын ерекше, сонымен қатар тартымды қылдыруға көмектеседі. Гастро-бар дизайның лофт стилінде жасаған кезде, сән-салтанат пен кедейліктің үйлесімін ескеру қажет. Бұл стилдің ерекше симбиозы оны тартымды, кең және есте қалатындай интерьерді жасайды. Мекемеде шығармашылық тұлғаларды, жастарды, ерекше дизайнға қызығушылығы бар адамдарды жинап, ғимарат ішінде индустриалды стильдің ерекшеліктерін көрсететін жайлы атмосфера жасайды.

Гастро-бардың ішкі құрылымы клиенттерге де, мекеме мәзіріне де әсер етеді. Сондай-ақ ол ғимарат мәртебесін және имиджін анықтайды. Қазіргі заманда мекемелер бәсекелестігі кезінде интерьер дизайны мекеменің массадан бөлудің бастапқы әдісі болуы мүмкін. Бұл жағдайда интерьерді әртүрлі сәндік элементтерді безендіріп және көптеген реңктермен толтыру қажет. Мекеме қоңақтарына барлық жайлылықты тудыру үшін тепе-теңдікті сақтау қажет. Тамақтану мекемелерінде бөлмелердің орналасуына жалпы талаптар бар. Мысалы: бөлмелердің технологиялық процестің схемасына ыңғайласуы, ғимаратты жобалау кезінде бөлмелердің жеке топтар арасында қандайда бір функционалдық байланыс болуы қажет.

Гастро-бар мекемелерінде келушілерге қызмет көрсетуге арналған вестибюльдер, гардеробтар, дәретхана, аванзал және негізгі залдар кіреді. Вестибюль келушілерге қызмет көрсететін бастапқы бөлме. Оның ауданы және жобаланған өлшемдері негізгі залдағы орындардың санына байланысты болып табылады. Бұл бөлмеде гардероб және дәретхана орналасады. Вестибюль жұмсақ жиһаздармен, үстелдермен, айналармен және т.б бұйымдармен жабдықталады. Гардероб секциялық ілгіштермен, код немесе клиенттерде сақталатын кілттермен жабдықталған шкафтармен жабдықталады. Гардеробты жабдықтандыру кезінде залдағы орындар санына, бөлінген жоба өлшеміне және клиенттің жеке талаптарына байланысты құрылады.

«Мекеме бөлмелерінде дұрыс санитарлық және гигиеналық нормалары еңбек өнімділігі мен жалпы өндірістік процестердің ғимарат жұмысшыларына ыңғайлылық тудырып, сондай-ақ келушілерге де мекемені тартымды етіп көрсетуге көмектеседі. Бөлмелердің құрамы олардың функционалдық мақсатына қарап топтарға бөлінеді». Олардың ішіне: Қонақтарға арналған вестибюльдер - (гардеробтар, дәретхана және жуынатын бөлмелер)

Негізгі және өндірістік бөлмелер - негізгі залдар және даяшыларға арналған бөлмелер, өндірістік цехтар (суық және ыстық цехтар, дайындау цехтары); өндіріс процестерін меңгерушісі кабинеті, үн және соған ұқсас бұйымдар цехы, ыдыс жуу және сақтау, асхана, сервиз сақтау бөлмелер. Сонымен қатар азық-түлік қабылдау және сақтау складтары, ет, балық, сүт өнімдерін және т.б. сақтау мұздатқыш камералар кіреді.

Қоқысты сақтау және қоқысты шығару бөлмелері - гастрономиялық тағамдар, сусындар, басқа да тағамдар түрлерінің қалдықтарын сақтау бөлмелері, құрғақ бұйымдарды сақтау бөлмелері, қойма жұмыскерлері бөлмесі.

Ғимарат персоналы бөлмелері - мекемеде сондай-ақ шаруашылық меңгерушісі бөлмесі, даяшылар және басқа да персоналға арналған гардероб, душ бөлмесі, дәретхана болуы керек.

Техникалық жабдықтарға арналған бөлмелер – мекемеде жылыту жабдықтарына арналған бөлме, электр жабдықтары, тоңазытқыш жабдықтар және кондиционерлер орантылу бөлмелері болуы қажет (Б.В. Дмитриев, Е.Д. Аграновский. 2017).

Бөлмелер құрамы, олардың құрылымдары мекеменің түрі және сыйымдылығына, өндіріс түріне, ғимараттың тұжырымдамасына байланысты болып жобаланады. Негізгі залдарды жобалау кезінде мекеме келушілеріне және қызмет көрсету персоналына жүру жолдарына, сонымен қатар даяшылардың таза және лас ыдыс-аяқтармен жүру жолдарына сәйкес орналастырған дұрыс. Сонымен қатар жиһаздарды таңдау кезінде мекеме тұтынушыларына және қызмет көрсету персоналына қозғалыс ағындарына оңтайлы болғаны ықтимал.

Гастро-бар және де басқа да ұқсас мекемелер түрлерінде вип залдар болғаны дұрыс. Вип залдардың дизайнын жобалау кезінде осы мәселе түрлеріне назар аударған жөн.

Олар: Вип залдарға арналған ыңғайлы жиһаздар- пуфтар, креслолар, орындықтар, дивандар. Жиһаздар ерекше қымбат материалдардан құралыстырылуы мүмкін. Орындық және үстелдерде көптеген табиғи ағаш түрлері қолданылады, ал жұмсақ жиһаздарда жоғары сапалы синтетикалық материалдар. Олар берік, гипоаллергенді және қызмет көрсету уақыты ұзақ болады. Және де жоғары сапалы маталар, табиғи былғары сияқты материалдар кездеседі. «Бұл материалдарды жұмсақ жиһаздың сапалы қаптамасы ретінде қолдануға болады».

Ерекше дизайндық шешімдер – лофт стиліне байланысты дизайн түрлері, картиналар, қабырғаларда суреттер, картиналар, жиһаздың мекемеге

сай дизайны. Картиналар ішіне абстракциялар, замануи кескіндемелер және графика кіреді.

Әдетте лофт стиліне сары, немесе қызыл және қызғылт сары екпіндері басым түстер қолданылады, ақ-қара, ашық және салқын реңктегі кесіндер кіреді. Бұл картиналар минималистік және қарапайым болады. Олардың ішіне абстракциялық суреттер, пейзаждар, топтық композициялар, белгілі тұлғалардың портреттері, типографиялық жазулар және де көркем фотосуреттер кіреді. Лофт стиліндегі суреттер және картиналар көп жағдайда жыртылған жиектермен, соққылар және немқұрайылық көріністе әсер беретін түрде болады. Вип залға арналған ерекше мәзір түрі – тиісті клиенттерді тарту үшін вип залға сәйкес және негізгі залдан айырмашылығы бар мәзір дайындалуы мүмкін. Мәзірдің сыртқы дизайны, сыртқы суреті, тағам түрлері, сапаға ие болатын мәзір болуы қажет. Ерекше декор және басқа да элементтер – ыдыс-аяқтар және дастархандар, шамдар, аспалы шамдар, картиналар және т.б көптеген аксессуарлар түрлері қолданылады.

Вип бөлмелерде барлық бұйымдар ұсақ-түйекке дейін жобаланып, ерекше қымбат материалдардан жасалған жиһаз түрлері, декор элементтері, бөлмеде ерекше көріністер болуы керек. Бұл тиісті клиенттердің мекемеге деген қызығушылығын тудырады және өзіндік атмосфера жасайды [1].

Интерьердегі лофт стилі – бұл интерьерде индустриалды дизайн ретінде салыстырмалы түрде жас болып келеді, лофт стилі бос кеңістіктің ашық кейпіндегі арқалықтар және құбырлары секілді өнеркәсіптік заттардың гастро-бар интерьерінде сақталауымен танымал.

Лофт стилі Америка Құрама Штаттарында, содан кейін Еуропа елдерінде танымал болып келетін бағыттардың бірі, оның стилистикасының басты ерекшеліктері – биік болып келетін төбелер, кірпіш немесе кірпіш тәріздес қабырғалар, цемент, бетон немесе ағаш едендер болып табылады.

Ағылшын тілінен «лофт» мағынасы – шатыр деген сөзді білдіреді. XX – ғасырдың ортасында пайда болған бұл интерьер стилі түрінің негізгі идеясы, қараусыз қалған өнеркәсіптік ғимараттар, зауыттар, қоймалар тәріздес тұрғын және кеңсе секілді үйлер немесе ғимараттарға айналды.

Біздің заманымызға келетін болсақ, лофт стилі көбінесе пентхаустардың авангардтық дизайнына немесе гастро-барлар, кафелер немесе ресторандардың интерьерінде қолданылады. Заманауи дизайнерлер бұл стильді зауыттық немесе өндірістік ғимараттардың кеңістіктеріне ұқсатып және соларға еліктеп жобалайды. Біздің уақытта өнеркәсіптік ғимараттары екінші өмір алды және олардың ішкі құрылымдарын тұрғын үйлерге, мейрамханаларға, кеңселерге, көрме орталықтарына және концерт залдарына қолдана бастады. Бұл стильдің бірнеше қосалқы түрлері бар:

- “Hard Lofts” – бұл лофттың аса қатты түрі болып табылады және ғимараттың жаңа иесінің қажеттіліктеріне сай қайтадан құрылады

- “Soft Lofts” – бұл лофттың аса жұмсақ түрі, ғимаратты жобалау кезінде жобалау және салу процестерін жүзеге асыруды білдіреді.

“Коммерциялық Лофт” – бұл жобаларды жүзеге асыру үшін төбесінің биіктігі 5м-ден төмен болмайтын өндірістік ғимараттардың қоладнылуы болып табылады.

Егер біздің гастро-бар жобасы туралы айтатын болсақ, бұл жерде лофт стилінің қосалқы түрі - “hard lofts” қолданылады. Көбінесе тұтынушылар бұл интерьер стиліне тартымды деп санайды және де олар қазіргі замандағы құрылыс түрлерінде табылмайтын таптырмас дизайнды табады. Әдетте бұл стиль мекеменің бетон немесе кірпіш және арқалықтар секілді конструкцияларымен ерекшеленеді. Лофт стилистикасы кірпіш қабырғаларымен, биік төбелерімен, үлкен терезелерімен, аған тіректер және арқалықтарымен, жылжымалы есіктерімен және бетон немесе ағаш едендерімен ерекшеленетін және шынымен ерекше ортаны қамтамасыз ете алатын орта болып табылады. Лофт стиліндегі гастро-бар өнеркәсіптік дизайн және жайлы атмосфера сияқты элементтерді біріктіре отырып, осы элементтер арқылы келушілерге тартымды болатын көрініс тудырады.

Қабырғаларды безендіру шешімдері: бұл дизайн стилінде кірпіш, бетон, сылақ сияқты өрескел материалдар пайдаланылады. Көбінесе ғимараттың ішкі коммуникациялары ашық түрінде қалдырылып және стильдің өнеркәсіптік сипатына баса назар аударылады. Жиһаздардың дизайндық шешімдері: лофт стилінде көбінесе жиһаздардың элементтері ағаш және металл аралас қоспаларынан тұрады. Үстелдер өрескел түрдегі ағаш материалдарынан немесе қайта өңделген материалдардан, ал орындықтар және диван жиһаздары табиғи былғары, ағаш және металл тәріздес элементтерден жасалады. Көптеген жағдайларда жиһаз ескі түрдегі элементтермен және де жаңа түрдегі элементтердің тіркесімі болуы мүмкі [2]. Жиһаз түрлері қарапайым, функционалды және утилитарлық сипаттамаларға тән болуы қажет.

Лофт стиліндегі жарықтандыру элементтері: лофт стилінде өнеркәсіптік шамдар, тізбектегі шамдар және металл прожекторлар сияқты жарықтандыру элементтері қолданылады. Көбінесе бұл дизайн стилінде мекемеге жайлылық беру үшін жылы жарыққа көбірек мән беріледі. Декор элементтеріндегі стилистикалық шешімдер: лофт стилінде декор элементтері минималистік болып келеді, көбінесе антикварлық заттар, ескі құралдар, өндірістік сағаттар, үлкен айналар қолданылады, олар мекемеге кеңістік пен жарық қоса алады. Сондай-ақ, қабырғаларда граффити немесе ретро-плакаттар қолданылуы мүмкін.

Лофт стиліндегі өсімдіктер және жасылдандыру элементтері: лофт стилінде жобаланған мекемелерде өсімдіктер өрескел түрдегі кірпіш қабырғаларды және өнеркәсіптік стильді жұмсартып алады. Сондай-ақ, өсімдік бақтары мен аспалы өсімдіктер үй-жайларға табиғи екпін қосуы мүмкін [3].

Бұл гастро-бар жобасы лофт стилінде, оның ішіне кіретін “hard lofts” түрінде жасалып, эстетика және шығармашылық үйлесетін ерекше кеңістік болып табылады. Мекеме орны ескі зауыттық кеңістіктер немесе қоймалардың сәнді және тартымды гастрономиялық орталығына

айналдырып, сондай-ақ урбанистік және индустриалдық атмосферасын қайта құрады.

Лофт стиліндегі гастро-бар мекемесіне қоғамның назарын аударатын бірінші нәрсе – интерьер дизайны болып табылады. Жоғарыда айта кеткендей биік төбелер, ашық металл конструкциялар және кірпіш қабырғалар кеңістікте қатал және жайлы атмосфера жасай алады. Бұл мекемеде табиғи жарықтың өтуіне кедергі болмайтын үлкен терезелерді, кеңістікте қатал эстетикасы бар жарқын контрастпен сәйкес келетінін көруге болады. Лофт стилінде жобаланған гастро-бар атмосферасы – бұл өнеркәсіптік эстетиканың, жайлылықтың және шығармашылық еркіндіктің симбиозы болып табылады. Бұл мекемеде интерьер дизайны осы атмосфераны құруында маңызды рөл атқарады. Биік төбелер және жалаңаш ғимарат құрылымдары кеңістікте еркінді сезімін тудырады, ал винтаждық элементтер мекемеге ерекше ностальгиялық әсер береді [4]. Осы элементтер лофт стиліндегі гастро-бар мекемесі клиенттеріне қала тарихының бір бөлігі ретіндегі сезім бере алады.

Интерьер дизайнындағы лофт стилі – барлық элементтер кеңістікте. Кірпіш қабырғалар, бетон және ағаш едендер, үлкен терезелер-бұл жай ғана декорация емес, бұл стильдің анықтаушы элементтері.

Лофт стиліндегі интерьердегі кеңістік біртұтас болып қабылданады, мұндай мекемелерде бөлмелер дәстүрлі шекараларсыз бір-біріне өте алады. Бұл аспектіде стильдің артық ештеңесі болмай инимализм идеясын көрсете отырады. Лофт стилінде негізінен қатаң түстер қолданылады, бірақ мекемеге жылу қосатын табиғи түстердің реңктері де бар. Тиімділікке және функционалдылыққа баса назар аудару эксперименттер үшін көптеген мүмкіндіктер тудыруы мүмкін. Лофт стилінде бұл икемділік интерьер дизайнына креативті көзқарасты бағалайтындар үшін стильді тартымды ете алады [5].

Лофт стиліндегі түстер палитрасы бейтарап болса да, бірақ бұл оны тартымды емес қылдырмайды. Сұр, ақ және қара сияқты реңктер тыныш фон жасай алады, бірақ оны жарқын екпіндермен жандандыруға болады. Мысалы, клиенттердің назарын аударатын және мекемеге жеке тұлға қосатын жарқын плакаттар немесе әртүрлі жиһаздар. Сонымен қатар текстуралар бөлмелер дизайнына тереңдік пен көлем қоса алады.

Ғылыми жектеушісі - Қартабаева Г.С.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Штегман, А. (2018). *Стиль Лофт: Архитектура и интерьеры*. Эксмо.
- 2 Дмитриев, БВ., Аграновский Е.Д. (2017). *Основы проектирования и интерьер предприятий общественного питания*. Экономика.
- 3 Симоненко, ВВ. (2019). *Лофт: Современный дизайн интерьера*. Архитектура-С.
- 4 Широкова, Е. (2015). *Лофт: Вдохновение для современного интерьера*. Архитектура-С.
- 5 Симоненко, И. (2017). *Лофт: Секреты стиля*. Архитектура-С.